


«Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасы



ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЕДШ БОЙЫНША ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРА

Тақырыбы: «Тепе-теңдікті сақтаймыз»



Топ:

Жасарқын

Қадам

«Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасы

ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЕДШ БОЙЫНША ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРА

Тақырыбы: «Тепе-теңдікті сақтаймыз»

Балалар санаты: Психикалық дамуы тежелген (ЗПР) мектеп жасына дейінгі балалар

Білім беру бағыты: Емдік дене шынықтыру (ЕДШ)

Мақсаты:

Балалардың тепе-теңдікті сақтау қабілетін дамыту, жалпы қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, қозғалыс үйлесімділігін жетілдіру, кеңістікті бағдарлау және берілген нұсқауды түсініп орындау дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

- тепе-теңдікті сақтау дағдыларын дамыту;
- жалпы және ірі моториканы жетілдіру;
- қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту;
- кеңістікте дұрыс бағдарлауға үйрету;
- зейінін тұрақтандыру және нұсқауды ретімен орындауға дағдыландыру;
- көз бен қол қимылының үйлесімділігін дамыту;
- дене белсенділігіне қызығушылығын арттыру;
- жағымды эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру.

Қажетті құрал-жабдықтар:

Түрлі түсті құрсаулар, доптар, жұмсақ модульдер, кедергілер, конустар, нысана белгілері.

Іс-шараның барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. Жаттығуға назарын аудару. Қауіпсіздік ережелерін еске түсіру. Жеңіл қыздыру және тыныс алу жаттығуларын орындау.

2. «Кедергілер арасымен өт» ойыны

Балалар белгіленген бағыт бойынша кедергілер мен конустардың арасымен қозғалып өтеді. Қозғалыс барысында берілген бағытты сақтау және кедергілерге соғылмай өтуге тырысады.

Мақсаты: Кеңістікті бағдарлау, зейінді шоғырландыру және қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту.

3. «Допты нысанаға домалат» ойыны

Бала белгіленген жерден допты екі қолымен немесе бір қолымен нысанаға қарай домалатады. Доптың қозғалысын бақылап, оны қажетті бағытқа жіберуге тырысады.

Мақсаты: Көз-қол үйлесімділігін, дәлдікті, зейінді және мақсатты қимылды дамыту.

4. «Құрсаудан құрсауға» жаттығуы

Балалар еденге қойылған құрсаулардың ішіне ретімен қадам басып, бір құрсаудан екіншісіне өтеді. Жаттығу баланың мүмкіндігіне қарай баяу немесе орташа қарқында орындалады.

Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтау, аяқ-қол қозғалысының үйлесімділігін және кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.

5. «Модульдер жолы» жаттығуы

Балалар жұмсақ модульдерден жасалған арнайы жолмен қозғалады. Модульдердің үстінен өту, айналып өту және белгіленген бағытпен жүру тапсырмалары орындалады.

Мақсаты: Тепе-теңдікті, дене қалпын бақылауды және жалпы моториканы дамыту.

Қорытынды бөлім:

Жеңіл тыныс алу және босаңсыту жаттығулары орындалды. Балалардың белсенділігі мадақталып, жағымды кері байланыс берілді.

Күтілетін нәтиже:

Балалардың тепе-теңдікті сақтау қабілеті, қимыл-қозғалыс үйлесімділігі және кеңістікті бағдарлау дағдылары дамиды. Берілген нұсқауды тыңдау және ретімен орындау қабілеті жетіледі. Дене жаттығуларына деген қызығушылығы мен белсенділігі артады.

Қорытынды:

Жазғы сауықтыру кезеңінде ұйымдастырылған «Тепе-теңдікті сақтаймыз» тақырыбындағы ЕДШ іс-шарасына балалар қызығушылықпен қатысты. Ойындар мен жаттығулар балалардың жеке даму ерекшеліктері ескеріле отырып ұйымдастырылды. Іс-шара барысында балалар кедергілер арасымен қозғалып, допты нысанаға домалатып, құрсаулар және жұмсақ модульдермен жаттығулар орындады. Жүргізілген жұмыстар балалардың қозғалыс белсенділігін арттыруға, тепе-теңдік пен үйлесімді қозғалыс дағдыларын дамытуға ықпал етті.

ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЕДШ БОЙЫНША ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРА

Тақырыбы: «Тепе-теңдік және үйлесімді қозғалыс»

Балалар санаты: Балалардың церебралды сал ауруы (ДЦП) бар мектеп жасына дейінгі балалар

Білім беру бағыты: Емдік дене шынықтыру (ЕДШ)

Мақсаты:

Балалардың жеке физикалық және қимыл-қозғалыс мүмкіндіктерін ескере отырып, тепе-теңдікті сақтау реакцияларын ынталандыру, дене қалпын бақылауға көмектесу, мақсатты қозғалыстарды орындауға және белсенді қимыл-қозғалыс әрекетіне ынталандыру.

Міндеттері:

- баланың жеке мүмкіндігіне сәйкес қозғалыс белсенділігін қолдау;
- тепе-теңдікті сақтау реакцияларын ынталандыру;
- дене қалпын бақылау дағдыларын дамыту;
- қол мен аяқтың мақсатты қозғалыстарын белсендіру;
- көз-қол үйлесімділігін жетілдіру;
- кеңістікті бағдарлау дағдыларын қолдау;
- дене қозғалыстарына деген қызығушылықты арттыру;
- өздігінен әрекет жасауға ынталандыру;
- жаттығу барысында жағымды эмоционалдық жағдай қалыптастыру.

Қажетті құрал-жабдықтар:

Жұмсақ модульдер, түрлі түсті құрсаулар, жеңіл доптар, конустар, арнайы кедергілер, жұмсақ төсеніштер.

Іс-шараның барысы:

1. Ұйымдастыру және дайындық кезеңі

Баланың жалпы жағдайы мен жеке қимыл-қозғалыс мүмкіндігі ескеріледі. Жаттығуға дайындау мақсатында жеңіл қимылдар мен тыныс алу жаттығулары орындалады. Қажет болған жағдайда ЕДШ маманы балаға физикалық қолдау көрсетеді.

2. «Кедергілер арасымен қозғаламыз» жаттығуы

Балалар өздерінің қозғалыс мүмкіндігіне сәйкес арнайы ұйымдастырылған кедергілер арасымен қозғалады. Өздігінен қозғала алатын бала тапсырманы мүмкіндігінше дербес орындайды. Қолдауды қажет ететін балаға маман қажетті деңгейде көмек көрсетеді.

Мақсаты: Баланың қозғалыс белсенділігін арттыру, кеңістікті бағдарлау және дене қалпын бақылауға ынталандыру.

3. «Допты нысанаға домалат» ойыны

Бала ыңғайлы қалыпта отырып немесе маманның қолдауымен допты белгіленген нысанаға қарай домалатады. Допты ұстау, итеру және қажетті бағытқа жіберу әрекеттері баланың жеке мүмкіндігіне сәйкес орындалады.

Мақсаты: Қолдың мақсатты қозғалысын, көз-қол үйлесімділігін және қозғалыс дәлдігін дамыту.

4. «Құрсаумен жаттығамыз» жаттығуы

Құрсаулар баланың қозғалыс мүмкіндігіне қарай қолданылады. Бала құрсауға қолын созу,

оны ұстау, құрсаудың ішіне немесе белгіленген аймаққа қозғалу тапсырмаларын орындайды. Қажет болған жағдайда маман тарапынан физикалық қолдау көрсетіледі.

Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін, денені басқару және мақсатты әрекет жасау дағдыларын дамыту.

5. «Жұмсақ модульдермен қозғалыс» жаттығуы

Бала жұмсақ модульдерді пайдалана отырып, өзінің мүмкіндігіне сәйкес қозғалыс тапсырмаларын орындайды. Модульге сүйену, оның үстімен немесе арасымен қозғалу, дене қалпын өзгерту сияқты бейімделген жаттығулар жүргізіледі.

Мақсаты: Дене қалпын бақылауға, тепе-теңдік реакцияларын ынталандыруға және жалпы қозғалыс белсенділігін арттыруға ықпал ету.

Қорытынды бөлім:

Жаттығулардан кейін баланың жағдайына сәйкес жеңіл босаңсыту және тыныс алу жаттығулары жүргізіледі. Әр баланың орындаған әрекеті мадақталып, өздігінен жасаған ең кішкентай қозғалысының өзі қолдау табады.

Күтілетін нәтиже:

Баланың жеке мүмкіндігі шегінде қозғалыс белсенділігі артады, тепе-теңдік реакциялары ынталандырылады. Дене қалпын бақылау, мақсатты қозғалыс жасау және көз-қол үйлесімділігі дағдылары жетіледі. Баланың жаттығуларға қатысуға деген қызығушылығы мен өздігінен әрекет етуге деген ынтасы артады.

Қорытынды:

«Тепе-теңдік және үйлесімді қозғалыс» тақырыбындағы жазғы сауықтыру ЕДШ іс-шарасы балалардың жеке қимыл-қозғалыс ерекшеліктері мен физикалық мүмкіндіктері ескеріле отырып өткізілді. Балалар маманның қажетті қолдауымен кедергілер арасымен қозғалу, допты нысанаға домалату, құрсаулар және жұмсақ модульдермен бейімделген жаттығулар орындады. Іс-шара балалардың қозғалыс белсенділігін қолдауға, тепе-теңдік реакцияларын ынталандыруға, мақсатты қимылдарды дамытуға және жағымды эмоционалдық көңіл күй қалыптастыруға бағытталды.





«Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасы

Бекітемін:

Күні:

Әдіскер: Махутова М.Х.



ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРА

Тақырыбы: «Тыныс алу жаттығулары»



Топ: ЖАРҚЫН/ҚАДАМ

ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЕДШ БОЙЫНША ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРА

Тақырыбы: «Тыныс алу ойындары»

Балалар санаты: Балалардың церебралды сал ауруы (ДЦП) бар мектеп жасына дейінгі балалар

Мақсаты:

Балалардың жеке физикалық және қимыл-қозғалыс мүмкіндіктерін ескере отырып, ойын элементтері арқылы тыныс алу әрекетін қолдау, дем шығаруды бақылауға ынталандыру және тыныс алу жаттығуларына қызығушылық қалыптастыру.

Міндеттері:

- баланың мүмкіндігіне сәйкес тыныс алу белсенділігін ынталандыру;
- демді бірқалыпты және бағыттап шығаруға жаттықтыру;
- тыныс алу мен дене қалпын үйлестіруге көмектесу;
- ерін және ұрт бұлшықеттерінің белсенділігін ынталандыру;
- мақсатты әрекет жасауға қызығушылығын арттыру;
- көру зейіні мен көз-қол үйлесімділігін қолдау;
- жағымды эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру.

Қажетті құрал-жабдықтар:

Сабын көпіршіктері, жеңіл мақта түйіршіктері, қауырсындар, жұмсақ төсеніштер және баланың дене қалпын ыңғайлы ұстауға арналған тірек құралдары.

Іс-шараның барысы:

1. Дайындық кезеңі

Баланың жеке қозғалыс мүмкіндігіне сәйкес ыңғайлы және қауіпсіз дене қалпы қамтамасыз етіледі. Қажет болған жағдайда маман баланың басы мен денесінің тұрақты қалпын сақтауға көмектеседі. Балаға мұрын арқылы тыныс алып, ауыз арқылы дем шығару әрекеті көрсетіледі.

2. «Сабын көпіршіктері» ойыны

Бала өзінің мүмкіндігіне сәйкес сабын көпіршіктерін үрлеуге әрекет жасайды. Өздігінен орындай алмайтын жағдайда маман көпіршіктерді үрлеп көрсетіп, баланы олардың қозғалысын бақылауға және үрлеу әрекетін қайталауға ынталандырады.

Мақсаты: Тыныс алу белсенділігін ынталандыру, дем шығаруды бақылауға және мақсатты әрекет жасауға қызығушылық қалыптастыру.

3. «Мақтаны қозғалтайық» ойыны

Баланың алдына жеңіл мақта түйіршігі қойылады. Бала мақтаны ауамен үрлеп қозғалтуға тырысады. Қажет болған жағдайда тапсырма бірнеше рет қысқа уақыт аралығында қайталанады.

Мақсаты: Бағытталған дем шығаруды ынталандыру және тыныс алу әрекетіне белсенді қатысуын қолдау.

4. «Жеңіл қауырсын» ойыны

Бала қауырсынды үрлеу арқылы қозғалысқа келтіруге әрекет жасайды. Қауырсынды баяу қозғалысы баланың көру зейінін аударып, жаттығуды қайталауға қызығушылық тудырады.

Мақсаты: Бірқалыпты дем шығаруды ынталандыру, көру зейінін және тыныс алу әрекетін үйлестіру.

Қорытынды бөлім:

Жаттығулар аяқталғаннан кейін баланың жағдайына сәйкес тыныштық кезеңі ұйымдастырылады. Баланың әрбір белсенді әрекеті мадақталып, жағымды эмоционалдық қолдау көрсетіледі.

Күтілетін нәтиже:

Баланың жеке мүмкіндігіне сәйкес тыныс алу белсенділігі қолдау табады. Демді бағыттап және бірқалыпты шығаруға деген талпынысы артады. Тыныс алу ойындарына қызығушылығы қалыптасып, мақсатты әрекет жасау белсенділігі ынталандырылады.

Қорытынды:

«Тыныс алу ойындары» тақырыбындағы жазғы сауықтыру ЕДШ іс-шарасы балалардың жеке ерекшеліктері мен физикалық мүмкіндіктерін ескере отырып өткізілді. Сабын көпіршіктерін, мақта түйіршіктерін және қауырсындарды үрлеуге бағытталған бейімделген ойын жаттығулары ұйымдастырылды. Іс-шара барысында балалардың тыныс алу белсенділігін қолдауға, дем шығаруды бақылауға, зейінін тұрақтандыруға және жағымды эмоционалдық көңіл күй қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінді.

«Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасы

ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЕДШ БОЙЫНША ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРА

Тақырыбы: «Тыныс алу ойындары»

Балалар санаты: Психикалық дамуы тежелген (ЗПР) мектеп жасына дейінгі балалар

Мақсаты:

Ойын түріндегі тыныс алу жаттығулары арқылы балаларды дұрыс тыныс алуға және демді бірқалыпты шығаруға үйрету, тыныс алу белсенділігін қолдау, зейінін және қимыл үйлесімділігін дамыту.

Міндеттері:

- мұрын арқылы дем алып, ауыз арқылы бірқалыпты дем шығаруға үйрету;
- дем шығару ұзақтығын біртіндеп дамыту;
- тыныс алу мен қимыл әрекеттерін үйлестіру;
- ерін мен ұрт бұлшықеттерінің белсенділігін арттыру;
- зейінін шоғырландыру және нұсқауды орындау дағдыларын дамыту;
- ойын арқылы тыныс алу жаттығуларына қызығушылығын арттыру;
- жағымды эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру.

Қажетті құрал-жабдықтар:

Сабын көпіршіктері, мақта түйіршіктері, жеңіл қауырсындар, үстел, жеке қолдануға арналған үрлеу құралдары.

Іс-шараның барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балалармен амандасып, жағымды көңіл күй қалыптастыру. ЕДШ маманы балаларға тыныс алу жаттығуларының орындалуын қарапайым түрде көрсетеді. Балалар мұрын арқылы тыныс алып, ауыз арқылы жай және бірқалыпты дем шығаруға жаттығады.

2. «Сабын көпіршіктерін ұшырайық» ойыны

Балалар сабын көпіршіктерін үрлеп, олардың ауада ұшуын бақылайды. Демді асықпай, бірқалыпты шығаруға назар аударылады.

Мақсаты: Дем шығаруды бақылау, тыныс алу әрекетін реттеу және зейінді дамыту.

3. «Мақтаны кім алысқа үрлейді?» ойыны

Үстел үстіне жеңіл мақта түйіршіктері қойылады. Балалар мақтаны белгіленген бағытқа қарай үрлейді. Ойын барысында қатты емес, бірқалыпты және бағытталған дем шығаруға жаттығады.

Мақсаты: Бағытталған ауа ағынын қалыптастыру, дем шығару күшін бақылау және зейінді шоғырландыру.

4. «Ұш, қауырсын!» ойыны

Балалар жеңіл қауырсынды үрлеп, оны қозғалысқа келтіруге тырысады. Қауырсынды жерге түспеуіне немесе белгіленген жерге дейін жетуіне бағытталған ойын ұйымдастырылады.

Мақсаты: Ұзақ әрі бірқалыпты дем шығаруға жаттықтыру, тыныс алу мен көру зейінінің үйлесімділігін дамыту.

Қорытынды бөлім:

Іс-шара соңында балалармен тыныш тыныс алу жаттығулары орындалды. Балалардың белсенділігі мадақталып, жағымды кері байланыс берілді.

Күтілетін нәтиже:

Балалар тыныс алу жаттығуларына қызығушылық танытады, демді бірқалыпты және бағыттап шығаруға дағдыланады. Зейіні, тыныс алу мен қимыл әрекеттерін үйлестіру қабілеті дамиды.

Қорытынды:

Жазғы сауықтыру кезеңінде «Тыныс алу ойындары» тақырыбында ЕДШ іс-шарасы өткізілді. Балалар сабын көпіршіктерін үрлеу, мақта түйіршіктерін және қауырсындарды үрлеу ойындарына белсенді қатысты. Ойын түрінде ұйымдастырылған жаттығулар балалардың тыныс алу дағдыларын қолдауға, бағытталған және бірқалыпты дем шығаруға үйретуге, зейіні мен қызығушылығын арттыруға ықпал етті.